

6D012000 – «Кәсіптік оқыту» мамандығы, 8D014 – «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы Тәңкіш Нәзира Полатқызының диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

### СЫН ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>Докторанттың диссертациялық жұмыста қолданылған нормативтік құжаттары, кәсіптік оқыту педагогын даярлау мәселесі қарастырылған еңбектерге жасаған талдау нәтижесі бізге бірінші жағынан болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптасыру мәселесінің бұрын соңды өз алдына зерттеу объектісі болмағандығын көрсетсе, екінші жағынан кәсіптік-педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын болашақ мұғалімдердің тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптасырудың қажеттігін дәлелдейді.</p> <p>Аталған мәселенің өзектілігі келесі құжаттарда көрініс тапқан:</p> <p>ҚР Президентінің 26.02.2021 № 521 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарында: «Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілерде сұранысқа ие сапалы кәсіби және әлеуметтік дағдыларды ұсынуға бағытталатын болады» деп атап көрсетілген.</p> <p>Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында Заманауи білімі бар, сондай-ақ оқыту технологиялары мен әдістерін білетін біліктілігі жоғары педагогтарсыз білім беру сапасын арттыру мүмкін емес. Қазіргі заманғы педагог жаңа технологиялық тәртіпке көшу процесінде жол көрсетуші болуы тиіс. Ол үшін болашақ педагогтарды оқыту, қазіргі педагогикалық құрамның біліктілігін арттыру, оқытушы кәсібінің мәртебесін арттыру тәсілдері қайта қаралатындығына да назар аударылған.</p> <p>Осы мемлекеттік стратегиялық құжаттарда көрсетіліп отырған міндеттер болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың өзектілігін</p>

			<p>айқындай түседі.</p> <p>Өйткені Қазақстандық кәсіптік оқытудың көп сатылы реформасы үдерісінде туындайтын терең сапалы өзгерістер жағдайында тұлғалық және әлеуметтік функциялары жете қалыптасқан педагогтың жаңа сипатының көкейкестілігі айқын.</p> <p>Жоғарыда келтірілген білім берудің заңнамалық құжаттарына сәйкес беріліп отырған міндеттер мен бағыттар «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты зерттеу тақырыбының өзектілігін одан әрі тереңдете түседі. Осыған байланысты Н.П.Тәңкіштің диссертациялық зерттеуі педагогикалық ғылымды дамытудың басым бағыттарына және білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді деуге болады.</p>
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p><u>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</u></p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес</p>	<p>Диссертациялық жұмыс М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің іргелі, қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің негізгі бағыттарына 2016-2020жж. ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоспарына сәйкес мемлекеттік бюджеттік тақырып бойынша «Кәсіптік оқыту» кафедрасының базасында орындалатын Б-16-10-14. – «Болашақ педагогтарды 12 жылдық білім беру жүйесіне кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері» бағыты аясында орындалған.</p>

		(бағытын көрсету)	
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-практикалық жетістіктері жоғары кәсіптік білім берудің педагогикасы мен әдістемесінің дамуына едәуір үлес қосып, білім беру жүйесіндегі өзектілігі мен маңыздылығын нақтылай түскен.</p> <p><b>Біріншіден</b>, кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының көкейкестілігі, ғылыми аппараты: мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеу көздері, кезеңдері, әдістері, зерттеу базасы, ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалар мен зерттеуді сынақтан өткізу жолдары ашып көрсетілген;</p> <p><b>Екіншіден</b>, «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге, отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау негізінде мәселенің теориялық негіздері анықталды. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың мәні мен әдіснамалық тұғырлары анықталды. «Функция», «тұлғалық функция», «әлеуметтік еңбек функциясы» «болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» ұғымдары нақтыланған;</p> <p><b>Үшіншіден</b>, «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруды модельдеу» атты екінші тарауда болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларының құрылымы мен мазмұны анықталып, оны қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары қалыптасуының өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері айқындалған;</p> <p><b>Төртіншіден</b>, «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың диагностикасы анықталып, мазмұндалған.</p>

			<p>Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру әдістемесі жасалып, мазмұны беріледі. Әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-экспериментте тексеріліп, оның мазмұны мен динамикасы, нәтижелері баяндалады. Ұсынылған болжамның дұрыстығы дәлелденіп, зерттеудің алға қойылған мақсаты мен міндеттері шешімін тауып, жүзеге асырылды.</p> <p><b>Бесіншіден,</b> қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалады, әдістемелік ұсыныстар беріледі, теориялық және эксперименттік жұмыстардың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар мен мәселенің болашағын айқындайтын болашақ зерттеушілерге арналған зерттеу перспективасы ұсынылды.</p>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Докторант Н.П.Тәңкіш диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Автор диссертацияны жазу барысында көптеген осы тақырып төңірегіндегі ғылыми теориялар мен тәжірибелік тұжырымдарға талдау жасаған. Барлық талданған ақпараттар дербес, әрі түсінікті, мағыналы құрылымды сақтай келе өзара үйлесіп, автордың диссертацияны жазудағы жеке ғылыми стилінің жоғары деңгейде екендігін көрсете білген.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	<p>Диссертацияның өзектілігінің негіздемесі кәсіптік білім беру жүйесінде кәсіптік оқыту педагогын даярлау мәселесін еліміздегі бірқатар отандық ғалымдардың педагогикалық зерттеулерде 4 бағытта зерттелгендігін көрсетті: болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын үздіксіз білім беру жүйесінде даярлау; болашақ кәсіптік оқыту педагогының кәсіби, жаратылыстанушылық, инновациялық-технологиялық даярлығын жетілдірудің теориясы мен практикасы; болашақ кәсіптік оқыту педагогын білім беру технологияларын пайдалануға, сәндік-қолданбалы өнерді, кәсіпкерлікті үйретуге, дуальді оқытуды жүзеге асыруға даярлау; болашақ кәсіптік оқыту педагогының коммуникативтік мәдениетін, креативті ойлауын, еңбек құндылығын қалыптастыру.</p> <p>Аталған бағыттағы зерттеулерге жасалған талдау кәсіптік-педагогикалық іс-әрекетпен айналысатын болашақ педагогтардың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптасырудың қажеттілігін</p>

			<p>дәлелдеген.</p> <p>Атап айтсақ: ЖОО-да болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру мүмкіндіктері мен оны жүзеге асырудың ғылыми тұрғыдан негізделмеген. Сонымен қатар, болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруды жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асыру қажеттілігі мен оны іске асырудың әдістемелік негіздерінің арасында жеткілікті деңгейде жасалмауы.</p> <p>Тиісті ғылыми негізделген әзірлемелердің болмауына байланысты мәселені шешу үшін ғылыми зерттеу қажеттілігі туындаған.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p>1) <u>айқындайды;</u></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Докторант Н.П.Тәңкіштің диссертациясы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және қосымшалардан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Автор ұсынып отырған жұмыста бүгінгі күннің талабына сай теориялық және практикалық мәні жоғары ғылыми мәселе өз шешімін тапқан.</p> <p>Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді нақты анықтауға, дербес әрі терең ойлау қабілетімен, жұмысына жауапкершілікпен қарайтындығы, педагогика және психология саласында жеткілікті білімі бар екені, өз мамандығына кәсіби шеберлігімен әрі қызығушылықпен қарайтыны, тиісті зерттеу әдіснамасын таңдаумен және ұсынылған идеяларды тың тәсілмен тұжырымдай білуімен ерекшеленеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық жағынан өзара байланысқан және талдау әдістері кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциясын қалыптастыру бойынша қолданылатын автор әзірлеген ұсыныстар мен ұстанымдар зерттеу шеңберінде қойылған мақсаттарға қол жеткізген. Сонымен қатар, жұмыс тұжырымдамалық негіздің бірлігімен</p>

			<p>ерекшеленеді, бұл докторантқа қойылған барлық міндеттерді дәйектілікпен шешуге мүмкіндік берген.</p> <p>Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>1) сыни талдау бар;</u>  2) талдау жартылай жүргізілген;  3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Зерттеу барысында «Функция», «тұлғалық функция», «әлеуметтік еңбек функциясы» «болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» ұғымдары нақтыланды.</p> <p>Зерттеу негізінде «Кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» ұғымына «оның кәсіби-педагогикалық іс-әрекетіндегі әлеуметтік-мәдени және оқу-өндірістік міндеттерін тиімді шешуге ықпал ететін еңбек функцияларын сақтауға, қолдауға және дамытуға бағытталған сапалық сипаттамасы» деп анықтама берген.</p> <p>Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі философиялық, педагогикалық және психологиялық еңбектердегі теориялық және әдіснамалық тұжырымдарға негізделуімен, қағидаларды басшылыққа алуымен, зерттеу мақсатына сәйкес әдіс-тәсілдерді қолдануымен, тәжірибелік-эксперимент жұмысының мақсатқа сәйкес келуімен, нәтижелерін статистикалық өңдеуімен және алынған нәтижелерді қорытындылауымен қамтамасыз етілген.</p> <p>Диссертацияның зерттеу нәтижесі, тұжырымы мен қорытындысының ғылыми мәні жоғары, шынайылығы айқын. Тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы тексеруде сыни тұрғыдан талданған және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u>  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторант Н.П.Тәңкіштің диссертациялық жұмысындағы зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа.</p> <p><b>Бірінші,</b> тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары маманның кәсіби іс-әрекетін қамтамасыз ететін тұлғалық қабілеттер мен әлеуметтік еңбек саласынан қалыптасқан білім, білік, дағдыларының кіріктірілген жиынтығы. Сол себепті, «болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» ұғымына «оның кәсіби-педагогикалық іс-әрекетіндегі әлеуметтік-мәдени және оқу-өндірістік міндеттерін тиімді</p>

			<p>шешуге ықпал ететін еңбек функцияларын сақтауға, қолдауға және дамытуға бағытталған сапалық сипаттамасы» - деп анықтама берілуі толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><b>Екінші,</b> кәсіптік білім беру педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары бес негізгі функцияны құрайды: аналитикалық-диагностикалық, болжамдық, ұйымдастырушылық-коммуникативтік, әлеуметтік-педагогикалық қолдау, сақтау-қорғау. Ал, «функцияларын қалыптастыру» дегеніміз, «осы аталған функцияларды, яғни міндеттерді атқаруға болашақ кәсіптік оқыту педагогының даяр болуы». Ал осы даяр болуының деңгейін өлшеу үшін олардың бойында сол функцияларды атқара алатын сапалардың болуы қажет екендігін анықтау толығымен жаңа.</p> <p><b>Үшінші,</b> Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын атқару сапалары тұлғалық (адами қасиеттер; мінез-құлық дағдылары; рефлексиялық біліктер); кәсіптік (интеллектуалдық білімдер, дидактикалық біліктер, өндірістік дағдылар); басқарушылық (көшбасшылық қабілеттер, әлеуметтік біліктер, коммуникативтік дағдылар) -деп сипаттама берілуі толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><b>Төртінші,</b> «тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары қалыптасқан болашақ кәсіптік оқыту педагогы» дегеніміз - «гумандық бағыттағы, субъекттілікті қамтамасыздандыру ұстанымында адами құндылықтарға бағдарланған, әлеуметтік-мәдени, оқу-өндірістік еңбек саласы функцияларын атқаруда тұлғалық, кәсіптік, басқарушылық құзыреттерге ие маман» деп анықталуы толығымен жаңа деп санаймыз.</p> <p><b>Бесінші,</b> болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі тұжырымдамалық, технологиялық, іс-әрекеттік және тиімділік құрамдас бөліктерінің бірлігін, оған сәйкес өлшемдер мен көрсеткіштерді қарастыру толығымен жаңа.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа;</p>		<p>Н.П.Тәңкіштің диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары деп келесілерді айтамыз.</p> <p><b>-1-қорытынды:</b> болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру негізіне жалпы философиялық, технологиялық, арнайы деңгейдегі әдіснамалық тұғырлар алынады. Жалпы философиялық деңгейде тұлғаға бағдарлық іс-әрекеттік (белсенділік), аксиологиялық әдіснамалық тұғырлар алынса, технологиялық деңгейде дифференциалдық оқыту, дамыта оқыту, жеке бағдарланған оқыту, компьютерлік-бағдарланған оқыту тәсілдеріне негізделеді. Арнайы деңгейде болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру процесі әдіснаманың құзыреттілік тәсілі негізінде құрылады - қорытынды <u>толығымен жаңа.</u></p> <p><b>-2-қорытынды:</b> болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын атқаруға даяр болуын айқындайтын сапаларды: тұлғалық, кәсіби, басқарушылық деп үш топқа бөліп, оның құрамы мен мазмұны анықталған- қорытынды <u>толығымен жаңа.</u></p> <p><b>-3-қорытынды:</b> зерттеу жұмысындағы негізделген, талдау жасалған теориялық тұжырымдар кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларының құрылымы жасалынып, кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларының бағыты, ұстанымы, құндылық бағдары, нысаны, міндеті, функциясы, атқару сапасы ұсынылған- қорытынды <u>толығымен жаңа.</u></p> <p><b>-4-қорытынды:</b> болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын атқаруға даяр болуын айқындайтын сапаларының ЖОО-ның оқу-тәрбие процесінде қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалып, мазмұндалған- қорытынды <u>толығымен жаңа.</u></p> <p><b>-5-қорытынды:</b> болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруды жүзеге асыру мақсатында оның құрылымдық-мазмұндық</p>
--	--	--	--



моделі әзірленген. Әзірлеген модель өзара байланысты төрт бөліктен тұрады:

а) *тұжырымдамалық* – әлеуметтік тапсырысты, мақсатты, міндеттерді, әдіснамалық тәсілдерді қамтиды;

ә) *технологиялық* – мазмұны, формалары, әдістері, құралдары қарастырылады;

б) *іс-әрекеттік* – педагогикалық шарттарды педагогикалық экспериментте анықтау, қалыптастыру, қорытындылау жүзеге асуын қамтиды;

в) *тиімділік* – болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптасуына даярлығының құрылымдық компоненттері мен нәтижелік өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлерінің арақатынасын қарастырады -қорытынды толығымен жаңа.

**-6-қорытынды:** болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесі жасалынған. Аталған әдістеме диссертацияның теориялық бөлімдерінде анықталған зерттеу проблемасының компоненттеріне сәйкес осы функциялардың атқару сапаларын қалыптастыру үшін айқындалған педагогикалық шарттарды жүзеге асырудың мазмұндалған, формалары, әдіс-тәсілдері анықталған **-қорытынды толығымен жаңа.**

**-7-қорытынды:** эксперимент болашақ педагогтардың теориялық және практикалық тұрғысынан тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруға арналып жасалған құрылымдық-мазмұндық модельді эксперимент жүзінде тексеруге бағытталған.

Эксперименттік жұмыс 2017-2020 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті базасында педагогикалық үдеріс шеңберінде жүргізілген.

Теориялық және эксперименттік жұмыс барысында алынған негізгі ережелер мен тұжырымдар алға қойылған мақсатқа қол жеткізген, қойылған міндеттері мен қорытындылары толығымен жаңа

Десекте, диссертациялық зерттеу шеңберінде: педагогтың тұлғалық және

			<p>әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруда шетелдік ғалымдардың еңбектері мен тәжірибелері аз зерттелгені байқалады. Сондықтан болашақ зерттеу жұмыстарында проблеманың осы тұстарына көңіл бөлінсе жұмыстың құндылығы арта түскен болар еді.</p> <p>Сонымен қатар, эксперимент барысын сипаттауды аша түскенде ұсынылып отырған әдістеменің құндылығы айқын көрінген болар еді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <u>толығымен жаңа</u>.</p> <p>Докторанттың зерттеу жұмысындағы барлық ұсынған тұжырымдар жүргізілген зерттеу негізінде жасалған.</p> <p>Автордың ұсынған нәтижелері болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруда жеке үлесін көрсетеді.</p> <p>Диссертациялық жұмысты орындау барысындағы алынған тұжырымдар, дайындалған әдістемені ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерінің дұрыс ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ғылыми жарияланымдармен негізделген.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>.</p> <p><b>-1-қорытынды:</b> болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық негіздері айқындалған –дәлелдемелермен <u>негізделген</u>.</p> <p><b>-2-қорытынды:</b> болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған - нақты дәлелдемелерде <u>негізделген</u>.</p> <p><b>-3-қорытынды:</b> болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталған - тиісінше дәлелдемелерде <u>негізделген</u>.</p> <p><b>-4-қорытынды:</b> болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесі жасалынған және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп - ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>.</p>

7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>Ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>Кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>Ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Докторант Н.П.Тәңкіштің диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған жаңалығы мен теориялық мәнділігі дәлелденген.</p> <p><b>Біріншіден</b>, болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың теориялық негіздері дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Ол докторанттың төмендегі мақалаларымен дәлелденген:</p> <p>1. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциясын қалыптастыру мүмкіндіктері/ Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана №5 (сентябрь-октябрь), 2018г. –С.24-29</p> <p>2. Содержание и траектория реализации социально-личностных функций будущего педагога профессионального обучения/ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Хабаршы. 2019. –Б.226-231</p> <p><b>Екіншіден</b>, тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары қалыптасқан болашақ кәсіптік оқыту педагогының мәні мен құрылымы анықталған және оған берілген сипаттамалар дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Төмендегі мақалада дәлелденген:</p> <p>1. Болашақ педагогтың еңбек қызметі және оны құраушы элементтердің функционалдық сипаты/ «Рухани жаңғыру: ұлттық білім беру жүйесі және әлемдік тәжірибе» Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының 80 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары I-том. Шымкент-2017. –Б.570-575</p> <p>2. Болашақ педагогтардың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларының мазмұндық сипаты/«Әуезов оқулары-16: «төртінші өнеркәсіптік революция: Қазақстанның ғылым, білім және мәдениет саласындағы жаңғырудың жаңа мүмкіндіктері» атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференциясының еңбектері», Шымкент-2018. –Б.139-142</p> <p><b>Үшіншіден</b>, болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың педагогикалық шарттары дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең. Докторанттың</p>
---	--	---	---

			<p>жариялаған мақаласында дәлелденген.</p> <p>1.Болашақ педагогтың әлеуметтік-бағытталған тұлғасын қалыптастыру мәселелері/ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің ХАБАРШЫСЫ ғылыми журналы, № 2(116) - 2020 сәуір-мамыр-маусым. –Б.259-267</p> <p><b>Төртіншіден,</b> болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған, дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылу аясының ауқымы кең. Төменде көрсетілген мақалаларда дәлелденген:</p> <p>1.Методологические основы функциональных обязанностей и социально-личностных функций педагога профессионального обучения/ Polish science journal, issue 4 (25) international science journal warsaw, poland wydawnictwo naukowe "Iscience Poland" Warsaw-2020. -P.155-159</p> <p>2.Problems of Forming a Social Personality of a Future Teacher/"The Europe and the Turkic World: Science, Engineering and Technology" Materials of the V International Scientific-Practical Conference May 6-8, 2020 (Ankara, Turkey) Volume III Ankara, 2020. –P.193-199</p> <p><b>Бесіншіден,</b> болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың әдістемесі жасалынған және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеріліп, дәлелденген, тривиалды емес, жаңа және алдағы уақытта қолданылуы ауқымы кең, мақалада дәлелденген.</p> <p>1.Development Factors of the Lecturers' Professional Mobility in System of Higher Education in Kazakhstan/ European Journal of Contemporary Education E-ISSN 2305-6746 Scopus.</p>
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) Ия; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды</p>	<p>Докторант Н.П.Тәңкіштің диссертациялық жұмысындағы зерттеу әдістемесі толығымен ашық сипатталып жазылған. Таңдалған әдістемелерді қолданудың тиімділігін сипаттау үшін түрлі әдебиеттерге сілтеме жасалған.</p> <p>Диссертациялық жұмысты орындау барысында заманауи ғылыми зерттеу мен компьютерлік технологиялар көмегімен ақпараттарды өңдеу және ұсыну әдістері негізінде алынған. Диссертациялық жұмыста</p>

		<p>қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) Жок</p>	<p>қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынғандығы байқалады</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Н.П.Тәңкіштің «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясының эксперименттік-тәжірибелік жұмыстары «6В01404 – Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасында оқитын студенттерге жүргізілген. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру әдістемесі жасалып, әдістеменің тиімділігі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде жүргізілген экспериментпен дәлелденген.</p> <p>Автордың диссертациялық зерттеуі аясында қарастырылып отырған мәселенің өзектілігі мен зерттеудің негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасының, жақын және алыс шетелдердің бірқатар ғылыми журналдарында, түрлі ғылыми басылымдарда жарияланған, халықаралық ірі конференциялардың материалдары мен баяндамаларының негізінде тақырыптың өзекті екендігі дәлелденген.</p> <p>Зерттеу нәтижелері бойынша 19 ғылыми жұмыс жарияланған, соның ішінде 4 мақала – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті анықтаған рецензияланған ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген журналдарда, 2 мақала – SCOPUS базасына кіретін рецензияланған халықаралық журналда және 8 мақала – халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, 3 шетелдік халықаралық ғылыми-конференция материалдарында, 1 электронды оқулық, 1 оқу-әдістемелік құрал жарық көрді.</p>

		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u>. Диссертациялық жұмыста нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған, кәсіби-педагогикалық дайындық мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың еңбектеріне педагогикалық әдебиеттерге, сөздіктерге, анықтамаларға, энциклопедияларға, оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға, ҚР БҒМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда және халықаралық конференциялар жинақтары материалдарының сілтемелерімен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің сенімділігі мен дәлелденуі ғылыми жұмыстарды жинақтаумен, мемлекеттік бағдарламаларды пайдаланумен расталады.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>. Әдеби шолулар диссертациялық жұмыс тақырыбына сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеу тақырыбы отандық және шетелдік авторлардың 205 әдебиет көздеріне шолу жасалған. Алынған ақпарат зерттеулерді жоспарлау және деректерді талқылау кезінде пайдаланылғаны айқын.</p>
<p>9</p>	<p>Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>Ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын болашақ кәсіптік оқыту педагогтарын даярлайтын оқу орындарында, колледждердің тәжірибесінде, педагог кадрлардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлау жүйесінде пайдалануға болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>Ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеудің практикалық маңыздылығы: «Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың негіздері мен жолдары» тақырыбындағы ЖОО студенттеріне арнаған электронды оқу құралын, «Кәсіптік оқыту» мамандығының студенттерін оқытуға арналған «Педагогтың тұлғалық және әлеуметтік еңбек функциялары» элективті курсының оқу процесіне ендіру жүзеге асырылғандығын, диссертациялық зерттеудің нәтижелерін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,</p>

		<p>Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде жүргізілген эксперименттік-педагогикалық жұмыстар барысында жүзеге асқандығын растайтын анықтамалары бар.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?  1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Тәжірибе ұсыныстары жаңа болып табылады: Зерттеу нәтижесі бойынша келесідей ұсыныстар жасауға болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастырудың мәні, оны атқаруға қажетті сапалардың мазмұны мен құрылымы және аталған қалыптастыруды жүзеге асырудың педагогикалық шарттары мен құрылымдық-мазмұндық моделі осы саладан білім алушыларға теориялық білімдерді жүйелі меңгертуге септігін тигізеді. Оларды педагогтар біліктілігін жетілдіретін институттардың және жас ғалымдар мектебінің әдістемелік бағдарламаларына енгізу ұсынысы толығымен жаңа;</li> <li>2. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруда жоғары педагогикалық оқу орындарының білім беру мен тәрбие ортасын тиімді пайдалану ұсынысы толығымен жаңа;</li> <li>3. Кәсіпкерлік мектебін қалыптастыру, ұжымдық шығармашылық топтар құру, оқу-өндірістік іс-әрекетінде білім беру субъектілерінің өзараәрекеттестігін жүзеге асырудың, субъективтілігін қамтамасыз етудің, педагогикалық қолдау мен әлеуметтік көмек технологияларын қолданудың педагогикалық шарттарын практикаға ендіру ұсынысы толығымен жаңа;</li> <li>4. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыруда ұсынылып отырған элективті курс, электронды оқу құралы, өзін-өзі дамыту бағдарламасы, тренингтер аясында интербелсенді технологияларды қолдану негізінде жүзеге асыру ұсынысы толығымен жаңа;</li> <li>5. Болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру бойынша әдістемелік кешендерді кәсіптік оқыту педагогы даярланатын оқу ұйымдарында, колледждердің оқу-тәрбие үдерісінде тақырыптық іс-шараларды өткізуде негізге алу</li> </ol>

			ұсынысы толығымен жаңа; 6. Ұсынылып отырған болашақ кәсіптік оқыту педагогының тұлғалық және әлеуметтік еңбек функцияларын қалыптастыру әдістемесін педагогикалық оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға болады, ұсынысы толығымен жаңа.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) Жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу және рәсімдеу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдық категориялар жүйесі мемлекеттік стандарттарға сәйкес келеді және мәтіні түсінікті ғылыми тілде жазылған.

**Шешім:** 6D012000 – «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша Тәңкіш Нәзира Полатқызына философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент: п.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті,  
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»  
кафедрасының профессоры

Атемова К.Т.

